

Оразаның екі түрі бар:

1. Уәжіп: Рамазандағы, өтем және нәзір оразалары.

2. Нәпіл: осылардан басқалары.


Оразаның анықтамасы:

Ораза – бұл таңсәріден күн батқанға дейін жеп ішуден және оразаны бұзатын басқа да нәрселерден тыйылу арқылы Аллаһқа құлшылық ету.

Оразаның екі тірегі бар

2

Оны бұзатын барлық нәрседен тыйылу.



Ораза ұстаған адамға рұқсат етілген кейбір амалдар:

- Қажетті жағдайда тағамның дәмін көру.
- Түкірікті жұту.
- Шомылу.
- Мисуак қолдану.
- Хош иістерді жағу.
- Серігу үшін ауызды шаю.

Ниет

1

Нәпіл оразаның ниеті:

Егер адам таңсәріден ештеңе жемесе, онда ол ораза ұстауға кез келген уақытта ниет етуіне болады, алайда ораза үшін сауап оған ниет еткен уақыттан жазылады.

Парыз оразаның ниеті:

Міндетті түрде түнде, яғни таңсәріден бұрын бастау алуы керек. Рамазан айы басталғандағы осы айда толық ораза ұстау ниетінің болуы да жеткілікті болады. Ниеттің орны – жүрек, ал оны тілмен айту – бидғат.

Оразаны бұзатын амалдар:

1-Әдейі жеп ішу. Егер де бұл ұмытшақтықтан орын алған болса, онда ораза жарамды болады.

2-Жыныстық қатынас. Егер бұл рамазан айының күндізгі, ораза парыз кезде орын алса, онда қатал өтеуді орындау керек.

3. Шәуетті ағызу.

4-Ішіп жеудің мағынасындағы нәрселер, мысалы, нәрлі дәрілерді (глюкоза) егу.

5-Қан алдыру (хижама).

6-Қасақана құсу.

7-Етеккір немесе босанған кейін жатырдан келетін қан.

Адамға ораза парыз болуының шарттары:

1. Ислам.

2. Ақылдың сау болуы.

3. Кәмілет жасы. Ал кәмілетке жетпеген балалар ораза ұстауға қызықтырылады, әрі олардың қамқоршылары оларға бұны бұйыра алады.

4. Тұрғылықты мекенде болу. Сапардағы адам ораза ұстауға міндетті емес, алайда бұл оған ауыр болмаса, оның ораза ұстағаны жақсырақ. Өйткені Пайғамбар ﷺ осылай жасаған, әрі адамның өз мойнындағы жауапкершіліктен ертерек құтылуына да жақсырақ, әрі кәмілет жасына жеткен адам үшін жеңіл, және ол рамазан айындағы оразаның құндылығына ие бола алады.

5. Денсаулық.

6. Етеккірден немесе босанғаннан кейінгі тазару қанынан таза болу.

Ораза ұстаған адамға тыйым салынған амалдар:

1. Қақырықты жұту, бірақ бұл оразаны бұзбайды.
2. Оразаның бұзылуына әкелетіндей сүйісу.
3. Айтылуы тыйым салынған кез келген сөздер.
4. Надандық: яғни әдепсіздік.
5. Екі күн оразаны ауыз ашарсыз қатарынан қосып ұстау.

Ораза уақытындағы құпталмайтын амалдар:

1. Ауыз бен мұрынды терең шаю.
2. Тағамның дәмін қажеттіліксіз тату.